

Бекітемін  
Астана қаласы Білім  
баскармасының басшысы  
К. Сенгазыев Рай  
202 ж. «Ок» 12

## Эксперименттік алаң туралы ереже

### 1. Жалпы ереже

1.1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Занының 10-бабының 5-тармағы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы 27 наурыздағы №139 «Білім беру үйымдарында эксперимент режимінде іске асырылатын білім беру бағдарламаларын өзірлеу, сынектан өткізу және енгізу қағидалары» бұйрығы негізінде жасалды және Астана қаласының Білім басқармасымен білім беру үйымының эксперименттік алаң мәртебесіне ие болу шартын белгілейді, оның қызметі білім беру жүйесін дамыту мақсатында, оқыту мен тәрбиелеудін инновациялық білім беру модельдерін іске асыруға, оны ғылыми, үйымдастырушылық, мазмұндық, каржы-экономикалық, кадрлық және материалдық - техникалық қамтамасыз ету мәселелерін шешуге бағытталған.

Білім беру үйымдары Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі №406 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалынаға міндетті білім беру стандарттарын» бекіту туралы бұйрығының негізгі ережелерін ескере отырып, эксперименттік білім беру бағдарламаларын өзірлейді.

1.2. Осы Ережедегі эксперименттік қызмет деп білім беру жүйесінің әртүрлі субъектілерінің оқытудың, тәрбиелеудің жаңа мазмұны мен технологияларын, білім беру сапасын басқарудың, бақылаудың жана тетіктерін өзірлеу, сынектан өткізу және енгізу жөніндегі, сондай-ақ білім беруді дамытудың ведомствоның нысаналы бағдарламасында және білім беру саласындағы басым бағыттарды айқындастын өзге де нормативтік құқықтық актілерде көзделген басқа да бағыттар бойынша қызметі түсініледі.

1.3. Эксперименттік қызметке білім беру үйымдарының педагогикалық және ғылыми-педагогикалық қызметкерлері, ғылыми-зерттеу үйымдарының тарсылған ғылыми қызметкерлері, оқу-әдістемелік және әдістемелік қызметтердің қызметкерлері, білім беруді басқарудың мемлекеттік органдары, қоғамдық үйымдар мен бірлестіктер, меншіктік үйымдық-құқықтық нысана мен нысанына қарамастан өзге де үйымдар қатыса алады.

1.4. Эксперименттік қызметтің күтілетін түпкілікті нәтижесіне және оның әлеуметтік маңыздылығына қарай осы Ережеде белгіленген тәртіппен осы жұмысқа қатысатын білім беру үйымдарына қалалық эксперименттік алаңдар мәртебесі берілуі мүмкін.

1.5. Қалалық эксперименттік алаңдардың құрамына эксперимент нәтижелерін білім беру практикасында қолданатын эксперимент жүргізудің бірынгай бағдарламасымен біріктірілген бір немесе бірнеше білім беру ұйымдары кіруі мүмкін.

## 2. Эксперименттік алаңды басқару

2.1. Эксперимент режимінде инновациялық бағдарламаларды іске асыратын білім беру ұйымдары (Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары, орта мектептер, мектеп-лицеилер, мектеп-гимназиялар, қосымша білім беру ұйымдары, арнайы білім беру ұйымдары, техникалық және кәсіптік білім беру) эксперимент аланы бола алады.

2.2. Білім беру ұйымдары бір немесе бірнеше (бір уақытта үштен аспайтын) бағыттар бойынша эксперименттік қызметке қатыса алады.

2.3. Эксперименттік қызметті жүргізуі үйлестіруді және бакылауды Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталық» МҚҚК басшысы, жауапты әдіскерлері жүзеге асырады, ағымдағы бакылауды жетекшілік ететін орталық басшысының орынбасары жүзеге асырады.

2.4. Эксперименттік қызметтің ғылыми жетекшісі ғылыми дәрежелері мен атақтары бар жоғары оку орындары мен білім беру ұйымдарының педагогтері бола алады.

2.5. Білім беру ұйымдарының эксперименттік қызметін үйлестіру мақсатында Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МҚҚК жаңынан сараптамалық кенес (Қалалық сараптамалық кенес) құрылады, оның қызметі сараптамалық кенес туралы Ережемен белгіленеді.

2.6. Қалалық Сараптамалық кенес құрамына білім беру ұйымдарының жоғары оку орындарының, өңірлік кәсіпкерлер палатасының, жергілікті атқарушы органдардың және т. б. өкілдері кіруі мүмкін.

## 3. Эксперименттік алаң мәртебесін беру тәртібі

3.1. Білім беру ұйымдарына қалалық эксперименттік алаңдар мәртебесін беру осы Ережеде және басқа да нормативтік құқықтық актілерде белгіленген тәртіппен Сараптамалық кеңестің хаттамасы негізінде Астана қаласы Білім басқармасының бүйрығымен жүзеге асырылады және білім беру ұймы мәртебесінің, олардың ұйымдық-құқықтық нысаны мен бағыныстырының өзгертуіне әкеп сокпайды.

3.2. Эксперимент алаңын ашу үшін білім беру ұйымдарының басшылары Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МҚҚК-ға келесі құжаттарды ұсынады (1-косымша):

1) базасында эксперимент өткізілуі жоспарланып отырған білім беру ұймының атауы мен орналаскан жері (занды, накты мекенжайы, байланыс деректері) көрсетілген эксперименттік білім беру бағдарламаларын енгізу туралы жазбаша етінім;

2) эксперименттік білім беру бағдарламасының қысқаша түйіндемесін, оның білім беру жүйесін дамыту үшін әлеуметтік маңыздылығының ғылыми негізdemесін;

3) эксперименттік кадрлық, экономикалық, материалдық-техникалық және ғылыми қамтамасыз етілуі бойынша алдына ала жасалған есептеулерді;

4) білім беру ұйымының педагогикалық кеңесінің немесе оку-әдістемелік бірлестігінің хаттамасынан үзінді;

5) эксперименттік білім беру бағдарламасы.

3.3. Білім беру ұйымдарында қалалық эксперименттік аландар мәртебесі эксперимент бағдарламасында белгіленген мерзімге дейін жүзеге асырылады. Эксперименттік жұмыс белгіленген мерзімде аяқталғаннан кейін білім беру ұйымы сараптамалық кеңеске жабылу жөніндегі және алан қызметінің аяқталуы бойынша қорытынды есептер мен өтінімі бере отырып, қалалық эксперименттік алан құрамынан шығарылады. Қалалық эксперименттік алан құрамындағы жұмыс мерзімі сараптамалық кеңестің шешімі бойынша білім басқармасының бұйрығымен ұзартылуы мүмкін.

3.4. Қалалық эксперименттік алан құрамынан шығару Сараптамалық кеңестің шешімі негізінде Астана қаласы Білім басқармасының бұйрығымен жүзеге асырылады.

3.5. Білім беру ұйымын мерзімінен бұрын қалалық эксперименттік алан құрамынан шығару келесі жағдайларда мүмкін:

- білім беру ұйымының жұмыс бағдарламасында бекітілген міндеттемелерді тиісінше орындауда;

- жобаны іске асыруды жалғастырудын мүмкін еместігін немесе орынсыздығын, атап айтқанда, білім алушылардың дайындық деңгейі мен сапасының төмендеуін күәландыратын аралық нәтижелер алынған жағдайда;

- білім беру ұйымының эксперименттік аланы жабуына бастамашылық жасауды бойынша.

3.6. Білім беру ұйымдарындағы эксперименттік алан қызметінің мониторингін жүзеге асыру үшін білім беру ұйымының әдістемелік кеңесі, уақытша сараптама топтары сараптама кеңесінің хатшысына жарты жылдық аралық есепті және бір жылдық қорытынды есеп тапсырады.

#### **4. Білім беру ұйымдарының құқықтары мен міндеттері, қалалық эксперименттік аландардың құрамына кіреді**

4.1. Қалалық эксперименттік аландардың құрамына кіретін білім беру ұйымдарының құқығы бар:

- білім беру максаттарына, міндеттеріне, мазмұнына, білім беру үдерісін ұйымдастыруға, педагогикалық әдістер мен технологияларға, тәрбие күралдарының жүйесіне өзгерістер енгізуге;

- білім беру үдерісінің жұмыс режиміне және басқару құрылымына, қаржышаруашылық қызметті ұйымдастыруға өзгерістер енгізуге;

- өз базасында презентациялық және демонстрациялық қызметтің әр-түрлі әдістерін колдануға;

- эксперименттік қызметтің негізгі бағыты бойынша білім беру бағдарламаларының жұмысын әзірлеу, құру және басқару.

4.2. Аталған құқықтар эксперименттік қызметті жүргізу бағдарламасын тиімді іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында көзделеді және Қазақстан Республикасының заннамасына қайши келмеуге, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің деңсаулығына, сондай-ақ дайындық деңгейі мен сапасына нұксан келтірмеуге, білім беру үдерісіне катысушылардың құқықтарын шектемеуге тиіс.

4.3. Қалалық эксперименттік алаңдардың құрамына кіретін білім беру ұйымдары міндетті:

- бекітілген зерттеу, эксперименттік жұмыстың бағдарламасын белгіленген мерзімде жүзеге асыруға;

- эксперименттік қызмет шенберінде мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптарынан төмен емес түлектерді даярлау деңгейі мен сапасын қамтамасыз ету;

- эксперименттік жұмыстарды жүзеге асырудың перспективалық жоспарына және Саралтамалық кенес бекіткен есепті құжаттамаға қойылатын талаптарға сәйкес есепті материалды уактылы тапсыруға (1-косымша);

Астана қаласы әкімдігінін «Әдістемелік орталығы» МҚҚҚ-на бағдарламаның немесе перспективалық жұмыс жоспарының орындалмауына әкел соғуы себеп болатын туындаған проблемалар туралы уактылы хабардар ету.

4.4. Қалалық эксперименттік алан мәртебесін алған білім беру ұйымдарының басшылары:

- ғылыми консультанттарды тарта отырып эксперименттік қызметті білім беру ұйымдардың деңгейінде жоспарлайды;

- мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білім беру сапасын қамтамасыз етеді;

- эксперименттік қызмет мониторингін жүзеге асырады;

- эксперименттік қызмет бағыттарын жүзеге асыратын қатысушылардың - білім беру ұйымдары қызметкерлерінін біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

- эксперименттік қызмет барысында білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірі мен деңсаулығына, эмоционалды әл-ауқаты үшін жауап береді.

4.5. Материалдар мен өтінім беру мерзімі-ағымдағы оқу жылының 25 мамырына дейін.

## Қосымша 1

### Эксперименттік алаң қызметін сараптамалық кеңес отырысының карастыруына ұсыну үшін қажетті құжаттар тізімі

Эксперименттік аландар қызметін сараптамалық кеңес отырысының карастыруына ұсыну үшін келесі құжаттар тапсыру қажет:

#### 1. Эксперименттік аландарды ашу үшін

1.1. Базасында эксперимент өткізуі жоспарланып отырған білім беру ұйымының атавы мен орналасқан жері (занды, нақты мекенжайы, байланыс деректері) көрсетілген эксперименттік білім беру бағдарламаларын енгізу туралы жазбаша **өтінім**; эксперименттік білім беру бағдарламасының қысқаша түйіндемесін, онын білім беру жүйесінің дамуы үшін әлеуметтік маңызының ғылыми негіздемесін;

1.2. Эксперименттік білім беру бағдарламасы (эксперименттің негізгі идеялары, максаттары, бастапқы - теориялық -әдістемелік ережелері, эксперимент кезеңдері және әр кезең үшін болжамды нәтижелер; зерттеу әдістері, экспериментті **өткізудің қажетті шарттары, бакылау әдістері, мониторинг және эксперимент нәтижелерінің нақтылығын қамтамасыз ету құралдары, эксперимент бағдарламасы бойынша оқу-әдістемелік әзірлемелер тізімі**).

1.3. Бағдарламамен эксперименттің ұзак мерзімді жоспары коса ұсынылады.

1.4. Эксперименттің ғылыми кеңесші (әдістемелік кеңесші) туралы ақпарат.

1.5. Эксперименттік кадрлық, экономикалық, материалдық-техникалық және ғылыми қамтамасыз етілуі бойынша алдына ала жасалған есептер.

1.6. Білім беру ұйымының педагогикалық кеңесінің немесе оқу-әдістемелік бірлестігінің хаттамасынан ұзінді.

#### 2. Эксперименттік аландарды жалғастыру үшін:

2.1. Өтініш;

2.2. Эксперименттік алаң қызметі туралы есеп;

2.3. Эксперименттік алаң қызметінің ағымдағы жылдағы тиімділігін растайтын материалдар (жинақтар, оқу-әдістемелік кешендер, мониторинг, компакт-дискілер, бейнематериалдар және т.б.).

#### 3. Эксперименттік аландарды жабу үшін:

3.1 Өтініш;

3.2. Қосымшаны негіздей отырып, эксперимент алаңының қызметі туралы есеп (бағдарлама мен жоспарлардың орындалуы, кадрлардың өзгеруі, тағы басқа өзгерістер);

3.3. Орындалған эксперименттік алаң жұмысының өзін-өзі бағалауы;

3.4. Эксперименттік алаң қызметінің 3-жылғы нәтижесі, тиімділігін растайтын материалдар (жинақтар, оқу-әдістемелік материалдар, мониторинг, компакт-дискілер, бейнематериалдар және т.б.).

## **Глоссарий**

**Эксперименттік алаң** - жаңа педагогикалық технологиялар мен білім берудің жана мазмұнын сыйнектан өткізу үшін эксперимент режимінде білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы.

**Қалалық Саралтамалық кеңес** - Астана қаласы әкімдігінін «Әдістемелік орталығы» МКҚК жанынан құрылған білім беру ұйымдарының білім беру эксперименттік бағдарламаларын қарастыру жөніндегі консультативтік-кеңесші орган.

**Эксперименттік алаң мәртебесі** - базасында эксперименттік жұмыс жоспарланатын білім беру ұйымдарының мақсаттарына, мазмұнына, нысанына, тәсілдеріне, құрылымына, жұмыс істеу режиміне және басқару жүйесіне өзгерістер енгізу құқығын береді.

**Эксперименттік алаң қызметтің мониторингісі** – эксперименттік аланың қажетті нәтижеге немесе бастапқы болжамдарға сәйкестігін анықтау мақсатында жүзеге асыру процесін түрлакты бакылау.

*Аманжан Ул*